Өз кезегінде, көлік саласындағы ынтымақтастық белсенді дамып келеді. Өзбекстанның мемлекеттік статистика комитетінің мәліметі бойынша, 2019 жылы Өзбекстанға келген шетелдік азаматтардың ең көп ағыны Қазақстаннан болды, яғни жалпы саны 2,4 миллион адам (барлық келгендердің 29,7%). Қазақстанға 5,4 миллион өзбек азаматы келді (шетелге кеткендердің 42,4%). Саяхат жиілігінің артуына байланысты Қазақстандық Air Astana және SCAT әуе тасымалдаушылары республикалар арасындағы рейстердің санын көбейтуде (Шукуров 2023).

Атап айтар болсақ, Қазақстандық бизнес экспорт, сонымен қатар бірлескен кәсіпорындар құру арқылы Өзбекстандағы қатысуын арттыруда. Қазақстандық инвесторлар Өзбекстан нарығында белсенділік танытып, 2022 жылға дейін құны 37,9 млн. доллар болатын 13 жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

Өзбекстанның Қазақстандағы елшілігінің мәліметінше, Өзбекстанда қазақстандық капиталдың қатысуымен 809 кәсіпорын жұмыс істейді. Қазақстандық BI Group Өзбекстанда жұмыс істейді, Ташкентте тұрғын үйлер салады. «Экотон CO LTD» компаниясы «Ангрен» еркін экономикалық аймағында газдалған бетон және плиталар шығаратын зауыт салады.

2021 жылдың қарашасында Шавкат Мирзиевтің Астанаға мемлекеттік сапары қарсаңында Түркістан қаласында «Трансшекаралық ынтымақтастық өсудің жаңа нүктелері» тақырыбында үшінші өңіраралық форум өтті (Қазақстан мен Өзбекстанның өңіраралық ынтымақтастығының III форумы 2021). Нәтижесінде машина жасау, ауыл шаруашылығы, құрылыс материалдарын, электротехникалық бұйымдарды, медициналық бұйымдарды өндіру, инфрақұрылымды дамыту және басқа да салалар бойынша жалпы сомасы 611,3 млн долларды құрайтын 54 инвестициялық және коммерциялық келісімшартқа қол қойылды (екі ел арасындағы инвестициялық және коммерциялық келісімшарт 2021).

Қазіргі уақытта Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары бірнеше маңызды аспектілерді қамтиды. Олар төмендегі кестеде көрсетілген (1-кесте).

1-кесте. Екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары

№	Бағыт	Жүзеге асырылуы
1	Сауда	Екі ел де тауарлар мен қызметтерді алмасу арқылы сауда-экономикалық қарым-қатынастарды белсенді дамытуда. Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы тауар айналымы ұдайы өсіп, тараптар өзара сауда көлемін арттыруға ұмтылуда.
2	Инвестициялар	Қазақстан мен Өзбекстан инвестиция саласында да ынтымақтасады. Қазақстандық компаниялар Өзбекстан экономикасының энергетика, мұнай-газ, көлік және т.б. сияқты түрлі салаларына белсенді түрде инвестиция салуда.
3	Көлік және логистикалық инфрақұрылым	Елдер арасындағы жүктер мен жолаушыларды неғұрлым тиімді тасымалдауды қамтамасыз ету үшін автомобиль жолдарын, темір жол бағыттарын, әуежайларды және басқа да инфрақұрылымдарды салу мен жаңғыртуды қоса алғанда, көлік байланыстарын дамыту бойынша жұмыс жүргізуде.
4	Энергетика	Қазақ-өзбек қатынастары энергетика саласында, соның ішінде электр энергиясын жеткізу, энергетикалық жобаларды әзірлеу және пайдалану, сондай-ақ осы саладағы тәжірибе мен технология алмасу бойынша ынтымақтастықта.
5	Ауыл шаруашылығы және азық-түлік қауіпсіздігі	Екі ел ауыл шаруашылығы саласында ынтымақтасады, тәжірибе және технология алмасады, сондай-ақ азық-түлік қауіпсіздігін жақсарту және ауылшаруашылық өндірісін ұлғайту бойынша бірлескен жобаларды әзірлеуде.

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің ресми сайты (<https://www.gov.kz>)

Яғни, ынтымақтастықтың бұл бағыттары Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы экономикалық қарым-қатынастарды нығайтуға және екі елдің дамуына ықпал етеді.

Өзбекстан мен Қазақстан шикізаттық емес экспорт үлесін және жоғары құны бар дайын өнім өндіруді ұлғайту міндеттерін қойды. Осыған байланысты «Экономикалық зерттеулер және реформалар орталығы» екі ел арасындағы ынтымақтастықтың ең перспективалы бағыттарын, оның ішінде экономикалардың өзара толықтырылуын және өнеркәсіпте қолда бар ресурстық базаны ескере отырып, өңдеу өнеркәсібінде бірлескен өнеркәсіптік кластерлерді құруды сараптады.

Атап айтқанда, соңғы 6 жылда Өзбекстан экономикасы жылдық орташа өсім 5,3%-ды құрап, 1,43 есе өссе, Қазақстанның жалпы ішкі өнімі жылдық орташа өсім 3,2% құрап, 1,25 есе өсті.

Өз кезегінде, Қазақстан мен Өзбекстанның экономикалық одақтастығы барлық Орталық Азия елдерінің посткеңестік кеңістіктегі ынтымақтастығында авангардтық рөл атқарады. Екі негізгі мәселе – трансшекаралық кеңістік, су-энергетикалық ынтымақтастық және елдер арасындағы қоршаған ортаны қорғау Орталық Азия аймағындағы елдердің жақындасуын дамыту перспективасын қамтамасыз етеді (Гангули 2014).

Бұл мәселелер ирригация, экология, гидроэнергетикалық проблемалар, сондай-ақ трансшекаралық өзендердің ресурстарын пайдаланудың ұтымды әдістері мәселелері бойынша негізделген шешімдерге қол жеткізуде елдерді біріктіретін негізгі факторларға айналуға.

Яғни, интеграциялық саясатты жүзеге асыру екі мемлекет арасындағы стратегиялық әріптестікті табысты дамыту, сауда ынтымақтастығын кеңейту және инвестициялау бағытындағы ынтымақтастығынан басталуы тиіс.

Соңғы жылдары Қазақстан мен Өзбекстан Орталық Азиядағы ең белсенді ынтымақтастық танытып жатқан мемлекеттер болып саналады. 2023-2024 жылдарда екі елдің өкілдері ресми жұмыс сапармен ауқымды шараларды жоспарлады. 2024 жылдың 5-сәуір күні Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың Өзбекстан Республикасы, Хиуа қаласына бейресми жұмыс сапары жасалды. Осы кездесудегі келіссөздер барысында мемлекеттер басшылары Орталық Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау мәселесіне ерекше назар аударды. Осы ретте Орталық Азия мемлекеттері басшыларының кезекті алтыншы Консультативтік кездесуіне дайындық барысы, сондай-ақ, С5+ форматындағы ықпалдастық перспективалары талқыланған болатын.

Өткен жылы еліміз Өзбекстанға 350 миллион долларлық қызмет экспорттап, 150 миллион доллар импорттаған. Ал, 2023 жылдың 9 айында Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы өзара тауар айналымы 3,3 млрд долларды құрады. Төмендегі суретте Қазақстан мен Өзбекстанның экспорт және импорт көрсеткіштері берілген (1-сурет).

1-сурет. 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек айларындағы Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы тауар айналымы (Қазақстанның экспорт-импорт көрсеткіштері)



Ескертпе: Дереккөз негізінде автормен құрастырылды

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің ресми сайты (<https://www.gov.kz>)

Осылайша, тауар айналымының нәтижесін саралай келе екі елдің сауда, инвестиция, ауыл шаруашылығы және туризм сияқты әртүрлі салалардағы экономикалық ынтымақтастықты дамыту үшін айтарлықтай әлеуеті бар екені байқалады.

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы сауда саласында өзара тауар айналымын арттырудың әлеуеті зор. Екі елде серіктестік нарығында ұсынылуы мүмкін тауарлар мен қызметтердің алуан түрі бар. Қазақстан мұнай, газ, металл және ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі өндірушісі болса, Өзбекстан мақта өнімдерімен, жемістермен, көкөністермен және тоқыма бұйымдарымен танымал (Калиаскарова және Иканова б. ж.).

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, 2016-2024 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы экономикалық қарым-қатынастар бірқатар маңызды келісімдер мен бастамаларда көрініс тапқан елеулі өзгерістерге ұшырады. Бұл кезең екі ел арасындағы ынтымақтастықтың нығаюымен және өзара тиімді қарым-қатынастардың дамуымен сипатталды.

Соңғы жылдары Қазақстан мен Өзбекстан арасында энергетика, ауыл шаруашылығы, туризм және экономиканың басқа да салаларындағы ынтымақтастық белсенді дамып келе жатқанын атап өткен жөн. Тәжірибе алмасу және технологиялар трансферті екі ел арасындағы өзара іс-қимылдың маңызды элементтеріне айналды.

Жалпы, Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы экономикалық қарым-қатынастардың жаңа кезеңі (2016-2024 жж.) әр түрлі салалардағы әріптестік байланыстардың нығаюымен және ынтымақтастықтың кеңеюімен сипатталды. Екі ел де өзара тиімді ынтымақтастықты тереңдетуге, экономиканың дамуы мен азаматтарының өмір сүру деңгейін арттыруға қолайлы жағдай жасауға ұмтылуын жалғастыруда.

Жаңа экономикалық кезеңнің қалыптасуы барысында көптеген сыртқы факторлардың әсерінен, түрлі экономикалық кедергілерге қарамастан, Қазақстан мен Өзбекстан нағыз көршілес әрі бауырлас мемлекеттер ретінде тығыз ынтымақтастық қарым-қатынастың үлгісін көрсетуде.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Adilet.zan.kz. б. ж. «Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Мәңгілік достық туралы шартты бекіту туралы». https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000388_. (Қаралған күні: 20.10.2024)

Aigak.kz. 2018. «Шымкент қаласындағы өңіраралық ынтымақтастық форумы» <https://aigak.kz/2018/11/15/azastan-zbekstan-raral-foruma-atsushlar-shmkentke-keld/>. (Қаралған күні: 20.10.2024)

GOV.kz. б. ж. «Өңіраралық ынтымақтастық туралы 16 меморандум» <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda%20kasipkerlik/press/news/details/46842?lang=ru>. (Қаралған күні: 21.10.2024)

GOV.kz. 2019. «Өңірлік шаруашылық субъектілерімен сауда келісім-шарттары» <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-tashkent?lang=ru>. (Қаралған күні: 21.10.2024)

GOV.kz. 2021. «Трансшекаралық ынтымақтастық өсудің жаңа нүктелері» тақырыбында үшінші өңіраралық форумы» <https://www.gov.kz/memleket/entities/mti/press/media/details/19545?lang=kk>. (Қаралған күні: 21.10.2024)

GOV.kz. 2021. «Екі ел арасындағы инвестициялық және коммерциялық келісімшарт» <https://www.gov.kz/memleket/entities/mti/press/news/details/210918?lang=kk>. (Қаралған күні: 21.10.2024)

GOV.kz. б. ж. «ҚР Ұлттық экономика министрлігінің ресми сайты.» <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy/search/1?contentType=news%2Carticle%2Cdocuments%2Ccurators&lang=kk&period=&searchText=%D3%A9%D0%B7%D0%B1%D0%B5%D0%BA%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD&slug=economy>. (Қаралған күні: 21.10.2024)

Гангули Ш. 2014. «Сотрудничество в энергообеспечении между Центральной и Южной Азией: стремление к энергетической безопасности как источник взаимной зависимости.» Центральная Азия и Кавказ, № 2. <https://cyberleninka.ru/article/n/sotrudnichestvo-v-energoobespechenii-mezhdu-tsentralnoy-i-yuzhnoy-aziey-stremlenie-k-energeticheskoy-bezopasnosti-kak-istochnik>. (Қаралған күні: 21.10.2024)

Калиаскарова, З.К., және А.С. Иканова. б. ж. «Торгово-экономические аспекты сотрудничества Казахстана и Узбекистана.» Сауран: Информационно-аналитический центр. <https://cc-sauran.kz/rubriki/economika/141-kazakhstan-uzbekistan-invest.html>. (Қаралған күні: 21.10.2024)

Шукуров, С. 2023. «Вопросы торговли и товарооборота в экономических отношениях Республики Узбекистан со странами Центральной Азии.» E-Conference Zone, 167–172.

REFERENCES:

Adilet.zan.kz. b. zh. «Kazakstan Respublikasy men Өzbekstan Respublikasy arasyndagy Mangilik dostyk turaly shartty bekity turaly» [On ratification of the Treaty on eternal friendship between the Republic of Kazakhstan and the Republic of Uzbekistan]. Kolzhetimdi: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000388_\(accessed: 20.10.2024\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000388_(accessed: 20.10.2024))

Aigak.kz. 2018. «Shymkent kalasyndagy onirarlyk yntymaktastyk forumy.» [Interregional Cooperation Forum in the City of Shymkent]. [https://aigak.kz/2018/11/15/azastan-zbekstan-raral-foruma-atsushlar-shmkentke-keld/ \(accessed: 20.10.2024\)](https://aigak.kz/2018/11/15/azastan-zbekstan-raral-foruma-atsushlar-shmkentke-keld/(accessed: 20.10.2024))

Ganguli, Shrimati. 2014. «Sotrudnichestvovjenergoobespechenii mezhdou Central'noj i Juzhnoj Aziej: stremlenie k jenergeticheskoy bezopasnosti kak istochnik vzaimnoj zavisimosti.» Central'naja Azija i Kavkaz, [Cooperation in Energy Supply between Central and South Asia: The Pursuit of Energy Security as a Source of Mutual Interdependence." Central Asia and the Caucasus]. № 2. [https://cyberleninka.ru/article/n/sotrudnichestvo-v-energoobespechenii-mezhdou-tsentralnoy-i-yuzhnoy-aziej-stremlenie-k-energeticheskoy-bezopasnosti-kak-istochnik \(accessed: 21.10.2024\)](https://cyberleninka.ru/article/n/sotrudnichestvo-v-energoobespechenii-mezhdou-tsentralnoy-i-yuzhnoy-aziej-stremlenie-k-energeticheskoy-bezopasnosti-kak-istochnik (accessed: 21.10.2024))

GOV.kz. b. zh. «Onirarlyk yntymaktastyk turaly 16 memorandum.» [6 memorandumsoninterregionalcooperation]. [https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda%20kasipkerlik/press/news/details/46842?lang=ru \(accessed: 21.10.2024\)](https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda%20kasipkerlik/press/news/details/46842?lang=ru (accessed: 21.10.2024))

GOV.kz. 2019. «Onirlik sharuashylyk subektilerimen sauda kelisimsharttary.» [Trade agreements with regional economic entities]. [https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-tashkent?lang=ru \(accessed: 21.10.2024\)](https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-tashkent?lang=ru (accessed: 21.10.2024))

GOV.kz. 2021. «Transshekaralyk yntymaktastyk osudin zhana nukteleri» takyrybynda ushinshi onirarlyk forumy» [The Third Interregional Forum on the Topic 'New Frontiers of Cross-Border Cooperation]. [https://www.gov.kz/memleket/entities/mti/press/media/details/19545?lang=kk \(accessed: 21.10.2024\)](https://www.gov.kz/memleket/entities/mti/press/media/details/19545?lang=kk (accessed: 21.10.2024))

GOV.kz. 2021. «Eki el arasyndagy investicijalyk zhane kommerciyalyk kelisimshart.» [Investment and commercial agreement between the two countries]. [https://www.gov.kz/memleket/entities/mti/press/news/details/210918?lang=kk. \(accessed: 21.10.2024\)](https://www.gov.kz/memleket/entities/mti/press/news/details/210918?lang=kk. (accessed: 21.10.2024))

GOV.kz. b. zh. «KR Ulttyk jekonomika ministriginin resmi sajty.» [The official website of the Ministry of National Economy of the Republic of Kazakhstan]. <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy/search/1?co>

ntentType=news%2Carticle%2Cdocuments%2Ccurators&lang=kk&period=&searchText=%D3%A9%D0%B7%D0%B1%D0%B5%D0%BA%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD&slug=economy. (accessed: 21.10.2024)

Kaliaskarova, Z.K., zhane A.S. Ikanova. b. zh. «Torgovo-jekonomicheskie aspektysotrudnichestvaKazahstana iUzbekistana.» Sauran: Informacionno-analiticheskij centr. [Trade and Economic Aspects of Cooperation between Kazakhstan and Uzbekistan. Sauran: Information and Analytical Center]. <https://cc-sauran.kz/rubriki/economika/141-kazakhstan-uzbekistan-invest.html> (accessed: 21.10. 2024)

Shukurov, S. 2023. «Voprosy torgovli i tovarooborota v jekonomicheskikh otnoshenijah Respubliki Uzbekistan so stranami Central'noj Azii.» [Issues of Trade and Commodity Turnover in the Economic Relations of the Republic of Uzbekistan with the Countries of Central Asia]. E-Conference Zone, 167–172.

XFTAP
06.81.23

Жанар Смаханова

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің аға оқытушысы,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің докторанты
Астана, Қазақстан
e-mail: z.deil@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0002-6187-9202>

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫ: ТАРИХИ ЖАДЫ, САЯСИ ДИСКУРС ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ

Аңдатпа. Ұсынылған мақалада Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі орта білім беру мекемелеріндегі тарих оқулықтарының мазмұны талданады. Онда оқулықтардың тарихи сананы қалыптастырудағы, саяси дискурсты бағыттаудағы және ұлттық идеологияны орнықтырудағы рөлі қарастырылады. Тақырыптың өзектілігі тәуелсіздік алған елдің жаңа тарихи сана қалыптастыру қажеттілігімен айқындалады. Зерттеу барысында кеңестік дәуір мен тәуелсіздік жылдарындағы оқулықтар мәтіндеріне салыстырмалы талдау жасалып, тарихты оқытудағы идеологиялық өзгерістер қарастырылды. Нәтижесінде қазіргі Қазақстан оқулықтарында отаршылдық кезеңнің жаңаша интерпретациясы, ұлттық батырларды дәріптеу, бұрын жабық болған тарихи ақиқаттарды ашық айту үрдісі басым екендігі анықталды. Сонымен қатар, оқулықтарда тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік саяси ұстанымдары, яғни көпұлтты қоғамдағы бірлік, «Мәңгілік Ел» идеясы, патриотизм тәрізді құндылықтар жүйелі түрде насихатталатыны көрсетілді. Мақалада оқу бағдарламалары мен оқулық мазмұнын жетілдіруге қатысты нақты ұсыныстар ұсынылады.

Түйін сөздер: тәуелсіздік кезеңі, мектеп оқулықтары, тарихи сана, оқыту әдістемесі, тарихи жады, ұлттық бірегейлік, саяси дискурс, ұлттық идеология.

Жанар Смаханова

ШКОЛЬНЫЕ УЧЕБНИКИ В ПЕРИОД НЕЗАВИСИМОСТИ: ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ, ПОЛИТИЧЕСКИЙ ДИСКУРС И НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕОЛОГИЯ

Аннотация. В представленной статье анализируется содержание учебников истории в учреждениях среднего образования в период независимости Казахстана. В нем рассматривается роль учебников в формировании исторического сознания, направленности политического дискурса и установлении национальной идеологии. Актуальность темы определяется необходимостью формирования новой исторической сознательности в условиях независимого государства. В ходе исследования проведен сравнительный анализ текстов учебников советского периода и периода независимости, рассмотрены идеологические изменения в преподавании истории. В результате установлено, что в современных казахстанских учебниках преобладает новая интерпретация колониального периода, прославление национальных героев и тенденция к открытому изложению ранее замалчиваемых исторических фактов. Кроме того, показано, что в учебниках системно пропагандируются государственные политические установки независимого Казахстана — такие как единство в многонациональном обществе, идея «Мәңгілік Ел» и патриотизм. В статье предлагаются конкретные рекомендации по совершенствованию учебных программ и содержания учебника.

Ключевые слова: период независимости, школьные учебники, историческое сознание, методика преподавания, историческая память, национальная идентичность, политический дискурс, национальная идеология.

Zhanar Smakhanova

SCHOOL TEXTBOOKS IN THE PERIOD OF INDEPENDENCE: HISTORICAL MEMORY, POLITICAL DISCOURSE, AND NATIONAL IDEOLOGY

Abstract. The article analyzes the content of history textbooks in secondary education institutions during the period of independence of Kazakhstan. It examines the role of textbooks in shaping historical consciousness, the direction of political discourse, and the establishment of national ideology. The relevance of the topic is determined by the need to form a new historical consciousness in an independent state. In the course of the research, a comparative analysis of the texts of textbooks from the Soviet period and

the period of independence was carried out, and ideological changes in the teaching of history were considered. As a result, it has been established that modern Kazakh textbooks are dominated by a new interpretation of the colonial period, glorification of national heroes and a tendency to openly present previously suppressed historical facts. In addition, it is shown that textbooks systematically promote the state political attitudes of independent Kazakhstan, such as unity in a multinational society, the idea of «Mangilik El» and patriotism. The article offers specific recommendations for improving the curriculum and the content of the textbook.

Keywords: *the period of independence, school textbooks, historical memory, national identity, political discourse, national ideology, teaching history, ideological renewal.*

КІРІСПЕ

Еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы мемлекет жағдайында тарихи сананы жаңғырту және жас ұрпақтың ұлттық бірегейлігін қалыптастыру үдерісінде мектеп оқулықтарының мәні ерекше. Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағансоң, бұған дейін кеңестік идеология ықпалымен жазылған тарих оқулықтарын түбегейлі қайта қарау міндеті туындады. Кеңестік дәуірде Қазақстан тарихы КСРО тарихының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып, көптеген оқиғалар бұрмаланғаны белгілі (Қожабаев 1998). Тарихи фактілер коммунистік партияның таптық ұстанымдары аясында түсіндіріліп, қазақ халқының ұлттық мүддесіне қайшы келетін идеологиялық бағалаулар басым болды (Әбжанов, 2021). Осындай жағдайда тәуелсіздік жылдары Қазақстанда жаңа ұрпаққа арналған оқулықтарда еліміздің шынайы тарихын жазу, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру және солар арқылы ұлттық сананы қалыптастыру мәселесі күн тәртібіне шықты. Тәуелсіз Қазақстандағы мектеп тарих оқулықтарының мазмұнын зерттеу арқылы тарихи сана мен ұлттық идеология қалыптастырудағы орнын көрсетуді мақсат еткен бұл мақалада кеңестік және қазіргі оқулық мәтіндерін салыстырылып, мазмұнының тарихи жадыны қалыптастырудағы рөлін анықтау мәселесі міндеттелді.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

Орта білім беру мекемелеріндегі тарих оқулықтары – жас буын алғаш тарихпен танысатын негізгі құрал, олар арқылы берілген білім оқушылардың тарихи жады мен құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Тәуелсіз Қазақстан үшін өткенді қайта пайымдау, тарихи әділетсіздіктерге баға беру және көпұлтты қоғамда ортақ азаматтық бірегейлікті

нығайту маңызды. Осы мақсатта Қазақстанның жаңа тарих оқулықтары ұлттық көзқарас тұрғысынан жазылып, тарихи оқиғаларды жаңаша интерпретациялауға талпыныс жасалуда. Алайда бұл үдерісте түрлі көзқарастар қақтығысып, оқулықтардың мазмұны қоғамда қызу талқыға түсіп келеді. Мысалы, ата-аналар, ұстаздардың бір бөлігі оқулықтардағы отаршылдық кезеңді шынайы көрсету керектігін талап етсе, енді бірі тым қатал баға берудің қажеті жоқ деп санайды. Мұндай пікір алшақтығы тарихи білім берудің саяси дискурсқа айналғанын көрсетеді.

Бұл зерттеудің басты мақсаты – тәуелсіздік кезеңіндегі елдің мектеп оқулықтарының тарихи жады, саяси дискурс және ұлттық идеология тұрғысынан алатын орнын кешенді түрде талдау. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттер белгіленді: кеңестік дәуір мен тәуелсіздік кезеңі оқулықтарындағы тарихи баяндауларды салыстыра отырып, мазмұндағы өзгерістерді айқындау; тарихи оқиғалардың жаңа ұлттық нарративін қалыптастыруда оқулықтардың қалай пайдаланылғанын көрсету; мектеп оқулықтарында мемлекеттік идеология (ұлттық бірлік, патриотизм, «Мәңгілік Ел» идеясы, т.б.) элементтерінің қамтылуын талдау; оқулықтарды әзірлеу барысындағы пікірталастар мен қайшылықты тұжырымдарды анықтап, олардың қоғамдағы әсерін бағалау; алынған нәтижелер негізінде тарихи білім беруді жетілдіруге қатысты ұсыныстар ұсыну.

Қазақстандағы мектеп тарих оқулықтарының эволюциясы алғаш рет тарихи жады және идеологиялық дискурс тұрғысынан жан-жақты қарастырылмақ. Бұған дейін отандық зерттеушілер білім реформасы мен оқулық сапасы мәселелерін қозғағанымен (Зуева 2009), оқулық мазмұнын ұлт жады мен саясат байланысында талдау терең жүргізілмеді. Ал шетелдік авторлар посткеңестік кеңістікте тарихи білімінің трансформациясына шолу жасағанмен (Kissane 2005), еліміздегі оқулық реформасының төл ерекшеліктері толық зерттелмеген. Сондықтан бұл мақалада отандық және шетелдік еңбектерді ұштастыра отырып, тәуелсіз Қазақстандағы тарих оқулықтарының мазмұнына талдау жасалуға тырыстық. Зерттеу барысында тарихи-дискурсивтік талдау, контент-талдау және салыстырмалы мәтіндер әдісі қолданылды.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Тарихи білім беру саласын зерттеуде «тарихи жады» және «ұлттық бірегейлік» ұғымдары басты теориялық тұғыр ретінде қызмет етеді. Неміс ғалымы А. Ассман тарихтың ұрпақ санасындағы бейнесін қалыптастыру процесін «жады мәдениеті» деп атап, өткеннің жеңістерімен қатар жеңі-

лістерін де ұлттық мақтаныш пен сабақ алу контекстінде жеткізуге болатынын көрсетеді (Ассман 2014). Яғни, ұлттың басынан өткен қиын-қыстау кезеңдер де, егер оларды батырлық пен төзімділік тұрғысынан түсіндірсе, ұрпақты ұйыстыратын идеяға айналады (Ассман 2014). Қазақстан тарихының оқулықтарында соңғы жүзжылдықтағы ашаршылық, саяси қуғын-сүргін сынды қайғылы өткеніміз туралы әңгімелер дәл осы мағынада беріле бастағанын байқауға болады. Бұл – тарихи жадыны жаңғырту арқылы ұлттық бірегейлікті нығайту әдісі.

1921-1922 және 1930-1932 жылдардағы ашаршылықтар Қазақстан халқының жадында орны толмас қасірет ретінде қалды. Алайда бұл оқиғалар кеңестік тарихнамадан алынып тасталып, тек тәуелсіздік кезеңіндегі оқулықтарда ғана толыққанды қарастырыла бастады (Көлбаев, 2006). Сонымен қатар, Алаш қайраткерлерінің ағартушылық, ұлттық идеяны насихаттаудағы рөлі біртіндеп қайта бағалануда. Мысалы, 11-сынып оқулығында А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейхан, М. Дулатов сияқты тұлғаларға жеке тараулар беріліп, олардың тарихи қызметі ашық сипатта беріледі (Аяған, 2010). 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі де қазіргі оқулықтарда кеңестік сипаттағы «тәртіпсіздік» емес, ұлттық жаңғыру қозғалысы ретінде ұсынылуда (Жақыпов 2021).

Сонымен бірге, тарих оқулықтарын саяси идеология құралы ретінде қарастыру маңызды. Америкалық педагогикалық зерттеуші Майкл Эппл оқулықтардың тек білім беру құралы емес, мәдени саясаттың бір бөлігі екенін атап көрсеткен (Michael W. Apple 1992). Оның пайымдауынша, оқулық мәтінінде белгілі бір саяси-мәдени құндылықтар әдейі сіңіріледі және олар биліктің қоғамға ұсынғысы келген идеологиясын бейнелейді (Apple 1992). Дәл осы тұрғыдан алғанда, Қазақстандағы тарих оқулықтары тәуелсіздік кезеңінде бұрынғы кеңестік идеологиялық мазмұннан арылып, жаңа ұлттық идеологияны насихаттау құралына айналды дегуге негіз бар. Оқулықтарда мемлекеттік тәуелсіздіктің маңызы, ұлттық мемлекет құру жолындағы күрес, егемендіктің жетістіктері сияқты саяси мазмұнның күшеюі соның дәлелі болмақ.

Ұлттың өткенін қайта зерделеп, оны білім беру бағдарламасына енгізу үрдісі көптеген постколониялық елдерге тән құбылыс. Мысалы, тәуелсіздік алғаннан кейінгі Тәжікстанда тарихты ұлттық тұрғыдан қайта жазу және оқулықтардағы баяндауды жаңарту бағытында шаралар іске асырылған (Blakkisrud and Nozimova 2010). Қазақстан да осы кеңістікте ұқсас жолдан өтті: кеңестік интернационалистік баяндаудан ұлттық мемлекеттік баяндауға өту. Ұлттық тарихтың ұғымдарын жаңа идеялармен ұштастырылуы – теориялық тұрғыда отандық тарих ғылымы үшін

тың тәжірибе болды. Тарихшы В.В. Ключарёваның зерттеуі бойынша, Қазақстан оқулықтарында жаңа, тәуелсіздікке негізделген нарративтер ене бастағанмен, сонымен қатар кеңестік дәуірдің риторикасы мен символдық дискурсының кей элементтері қайталанатыны байқалады (Ключарёва 2022). Бұл – өтпелі қоғамдарға тән «аралас» дискурс қалыптасуының белгісі.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында тарихты оқытуда мемлекет ұстанған негізгі идеологиялық бағыт – қазақстандық бірегейлік пен ұлттық бірлікті қалыптастыру. 2015 жылы қабылданған «Қазақстан халқының ұлттық бірегейлігі мен бірлігін нығайту тұжырымдамасы» осы бағытты ресми түрде бекітті (Президентінің Жарлығы 2015). Онда «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы, барлық этностарды біріктіретін ортақ құндылықтар және «қазақ ұлты – мемлекет құраушы ұлт» тұжырымы айқындалған. Бұл қағидалар білім беру мазмұнында да көрініс табуы тиіс болды. Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында да ұлттың жаңғыруының бір шарты – ұлттық кодты сақтау екені айтылды. Осындай жоғары деңгейдегі идеологиялық тұжырымдамалар мектеп оқулықтарының теориялық негізіне айналып, оқу материалдарына идеологиялық бағдар берді (Назарбаев 2017).

Теориялық жағынан бұл зерттеу тарихи жады теориясы (Ассман 2014), оқулықтардың идеологиялық функциясы туралы тұжырымдар (Apple 1992) және постколониалды тарихнама ұстанымдарына сүйенеді. Қазақстандық контексте кеңестік кезеңдегі ғылыми еңбектерді қайта бағалап, жаңаша жазу ісі «өткеннің елесімен қоштасу» мен «жаңа ұлттық мифология қалыптастыру» арасындағы балансты іздеумен сипатталады (Nora 1989).

Зерттеуде тарихи салыстырмалы талдау және контент-талдау әдістері қолданыла отырып, алдымен кеңестік дәуірде пайдаланылған Қазақстан тарихы оқулықтарының негізгі сипаттары қарастырылып, олар тәуелсіздік кезеңіндегі жаңа оқулықтармен салыстырылды. Кеңестік кезең ретінде 1950-1980 жылдарда жарық көрген қазақ және орыс тілдеріндегі Қазақстан тарихы оқулықтары талданды. Атап айтқанда, Т.Т. Тұрлығұловтың бастауыш сыныптарға арналған «Қазақ КСР тарихының әңгімелері» оқу құралы (1964, 1982 басылымдары) мен Е.Бекмаханов пен Н.Е. Бекмаханованың 7–8 сыныптарға арналған Қазақстан тарихы оқулықтары (1970, 1989 жж.) зерттеу нысаны болды. Бұл оқулықтар кеңестік идеология аясында жазылған тарихи баяндаудың үлгісі ретінде қарастырылды.

Тәуелсіздік кезеңінің оқулықтарынан 1990-жылдардың соңынан бастап мектептерге енгізілген жаңа бағдарлама бойынша жазылған басылымдар қамтылды. Мысалы, академик М.Қ. Қозыбаев пен профессор Қ. Нұрпейісов құрастырған 9-сынып оқулығы (1994) және З.Е. Қабылдинов сынды авторлар тобы жазған 8-сынып оқулығының алғашқы (2008) және жаңартылған (2018) нұсқалары талданды. Сонымен бірге, соңғы жылдары жарық көрген Ж.Ә. Жандосова редакциясымен дайындалған 10-сынып оқулығы (2019) қаралды. Осы әртүрлі кезеңдердегі оқулық мәтіндерінің мазмұнына сапалық талдау жүргізіліп, маңызды ұғымдар мен терминдердің қолданысындағы өзгерістер анықталды. Мысалы, «отарлау», «тәуелсіздік», «ұлт-азаттық қозғалыс» сияқты ұғымдардың қай кезеңде қалай қолданылғаны саны жағынан және мағынасы тұрғысынан салыстырылды.

Зерттеудің эмпирикалық базасын кеңейту мақсатында қосымша дереккөздер ретінде мемлекеттік білім стандарттары мен тұжырымдамалық құжаттар қарастырылды. Атап айтқанда, 1993 және 2017 жылдардағы Қазақстан тарихын оқыту бағдарламалары, 2015 жылғы Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту тұжырымдамасы» сияқты құжаттар талданды. Сондай-ақ, зерттеу аясында отандық тарихшы-педагогтердің оқулықтар төңірегіндегі ғылыми мақалалары мен бұқаралық ақпарат құралдарындағы сұхбаттары пайдаланылды (мысалы, З.Е. Қабылдиновтың 2020 жылғы сұхбаты).

Мақала деңгейіндегі шағын зерттеудің шектеулері ретінде мұнда барлық қолжетімді оқулықтар түбегейлі қамтылмағанын айта кеткен жөн. Дегенмен таңдап алынған үлгі оқулықтар тарихи кезеңдердің негізгі ерекшеліктерін көрсетуге жеткілікті негіз береді.

Қазақстан тарихына қатысты тарихи жадының оқулықтарда көрініс табуы кеңестік дәуір мен тәуелсіздік кезеңінде елеулі өзгерістерге ұшырады. Кеңестік кезеңнің оқулықтарында қазақ халқының тарихы көбінесе империялық және таптық тұрғыда сипатталды. Мысалы, 7 және 8 сыныптарға арналған 1980 жылдардағы оқулықта Қазақстанның XVI-XVII ғасырлардағы әлеуметтік құрылымы «екі негізгі таптан: феодалдар мен шаруалардан тұрды» деп түсіндірілді (Ключарёва 2022). Мұнда қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымы маркстік таптық әдіспен сипатталып, көшпелі қоғамның өзіндік ерекшеліктері ескерілмеген еді. Сол оқулықта «қазақ шаруалары» деген термин қолданылып, негізінен қарапайым халыққа тек қана «езілуші тап» рөлі телінді (Ключарёва 2022).

Кеңестік оқулықтардағы тарихи жадыны бұрмалаудың тағы бір мысалы – отарлау дәуірінің сипаттамасы. Кеңес идеологтары үшін Ресей

империясының Қазақ даласын қосып алуы «прогрессивті құбылыс» ретінде түсіндірілді. Сондықтан оқулықтарда қазақ өлкесінің Ресейге «өз еркімен қосылғаны» туралы тезис берік орын алды. Оған қоса, XIX ғасырдағы ұлт-азаттық көтерілістердің себептері таптық қайшылықтарға саяды деп көрсетілді. Мысалы, Исатай мен Махамбет көтерілісі туралы кеңестік оқулықта «хан, сұлтан, би, байлардың қара халықты қанауы» басты себеп ретінде беріліп, патша үкіметінің отарлық саясаты екінші қатарға ысырылды (Ключарёва 2022). Кеңестік баяндау үлгісінде патшалық әкімшілік пен жергілікті феодалдардың халыққа бірлесіп езгі жүргізгені айтылып, қазақ және орыс еңбекшілері патшаға қарсы бірге күресті деген интернационалистік сарын енгізілді. Бұл кеңестік тарихнамадағы «қосылу – прогресс» концепциясына сай келетін еді.

Тарихи жадыны қалыптастыруда аса маңызды тұлғалар бейнесі де кеңестік және тәуелсіздік оқулықтарында кереғар сипатталды. Кеңес заманында қазақтың ұлттық қаһармандарының көпшілігі ресми тарихтан ығыстырылды немесе жағымсыз бейнеде көрсетілді. Мысалы, Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс кеңестік оқулықтарда «феодалдық-монархиялық көтеріліс» деп аталып, Кенесарының өзі «жеке басының мүддесі үшін қатал күрес жүргізген қатыгез хан» ретінде сипатталды (Ключарева 2022). Нақтылай айтқанда, 1980-жылдары шығарылған 8-сынып оқулығында: «Кенесары өз жеке билігін нығайтуды ғана көздеген, қара халықтың мүддесін ойламаған қатыгез хан болды» деген мазмұнда баға берілген. Сол сияқты, XX ғасыр басындағы Алаш қозғалысы жетекшілері (Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, т.б.) туралы кеңестік тарихи әдебиетте теріс көзқарас қалыптасып, олар «буржуазиялық ұлтшылдар» деп айыпталды. Бұл ұстаным оқулықтарда да көрініс тауып, қазақ интеллигенциясының отаршылдыққа қарсы күресі мен ұлттық автономия идеясы бұрмаланған түрде жеткізілді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін тарихи жадыны қайта түлету процесі жүрді. Жаңа буын оқулықтарда бұрын бұрмаланған немесе мүлде айтылмай келген оқиғалар мен тұлғаларды объективті бағалау басталды. Ең алдымен, отарлау дәуіріне көзқарас түбегейлі өзгерді. Бұрын «өз еркімен қосылу» деп келсе, енді Ресей империясының Қазақ жерін отарлық экспансияға ұшыратуы ретінде бағалануда. Қазіргі Қазақстан тарихы оқулықтарында XVIII-XIX ғасырлардағы үдерістер «отарлық жүйенің орнығуы» және оның қазақ мемлекетілігін жоюға бағытталғандығы тұрғысынан түсіндіріледі (Артыкбаев 2007). Мысалы, 8-сыныптың 2018 жылғы оқулығында: «Қазақстанның Ресейге қосылуы – патшалықтың отаршылдық тәртібін орнатып, халқымыздың ұлттық дамуын тежеген үдеріс бол-

ды» деп жазылған (Қабылдинов 2018). Яғни, жаңа оқулық отарлау салдарын ашық түрде жағымсыз құбылыс ретінде бағалайды. Бұл – тарихи жадыны жаңа ұрпаққа жеткізудегі маңызды түзету.

Сондай-ақ ұлт-азаттық көтерілістерге қатысты нарратив түбегейлі жаңарды: кеңестік оқулықтарда көтерілістер таптық күрес деп көрсетілсе, тәуелсіз Қазақстан оқулықтарында олар отаршылдыққа қарсы ұлттық қозғалыс ретінде дәріптеледі. Мысалы, 1836-1938 жж. Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліс қазіргі оқулықтарда патша әкімшілігі мен жергілікті хан-сұлтандардың зорлық-зомбылығына қарсы халықтық күрес деп бағаланады. Кеңестік нұсқада Исатайдың хатынан үзінді келтіріліп, онда хан-билеушілердің халықты қанауы басты себеп ретінде айтылғанымен, соңында «патшалық өкімет те ездi, қанады» деген қорытынды жасалатын (Ключарева 2022). Ал қазіргі оқулықтарда бұл көтерілістің басты себебі отаршылдық езгі екені, оның ұлт тарихындағы орны азаттық үшін күрес ретінде бағаланатыны айрықша аталады (Аяған 2010).

Кеңестік кезеңде жарыққа шыққан оқулықтарда жағымсыз кейіпкерге айналдырылған ұлт қаһармандары енді оң бағасын алып жатыр. Мысалы, Кенесары Қасымұлының қозғалысы тәуелсіз Қазақстанның тарих оқулықтарында ұлттық-азаттық соғыс деп танылды. Жаңа оқулықтарда Кенесары ханның мемлекеттің дербестігін қалпына келтіру жолында күрескені, Қазақ хандығының соңғы ханы ретіндегі рөлі мақтанышпен жазылады (Қойгелдиев 2000). Бұл – тарихи әділеттіліктің орнына келуі және ұлт жадына батырдың қайтарылуы. Сол сияқты, Алаш қозғалысы қайраткерлері туралы деректер де оқулықтарға енгізілді: Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы сынды тұлғалар енді ұлттық жаңғырудың жаршылары ретінде таныстырылады. 1920 жылдарға дейінгі кезеңде олардың халық үшін атқарған қызметі мен идеялары оқулық мәтіндеріне енді. Мысалы, 11-сыныпқа арналған жаңа оқулықта Алашорда үкіметінің құрылуы, оның бағдарламасындағы ұлт мемлекеттілігін қалыптастыру талпыныстары туралы тарау бар (Жандосова 2019). Бұл да ұлттық тарихи жадыдағы ақтаңдақтардың толтырылуы деп бағалауға болады.

Тарихи жадының маңызды құрамдас бөлігі – ХХ ғасырдағы «қайғылы беттер» тақырыбы тәуелсіздік кезеңінде алғаш рет оқулықтарда кеңінен ашылып отыр. Бұрынғы кеңестік оқыту жүйесінде 1930-жылдардағы ашаршылық, 1937-1938 сталиндік репрессиялар, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы тәрізді тақырыптар не мүлдем айтылмайтын, не біржақты үстірт баяндалатын. Енді Қазақстан тарихы оқулықтары бұл оқиғаларды

толық көлемде қамти бастады. Мысалы, 9-сынып оқулығында 1932-1933 жылдардағы ашаршылық «ұлттық апат» ретінде сипатталып, оның салдарынан қазақ халқының жартысына жуығы қырылғаны туралы нақты деректер берілген (Қозыбаев 1994). Сол сияқты, сталиндік репрессия жылдарында атылған қазақ зиялыларының есімдері аталып, олардың жазықсыз құрбан болғаны түсіндіріледі. Бұл фактілер кеңестік кезеңде тіпті ғылыми айналымда ашық айтылмаған еді. Тәуелсіздік арқасында тарихи әділеттік орын алып, ұлт жадының трагедиялық тұстары жасырын күйден ортақ естелікке айналды. Тұңғыш Президент Н. Назарбаев бұл туралы: «Қазақ халқы үшін XX ғасыр толассыз қасіреттерге толы болды, халқымыз сол зұлматтарды ғажайып шыдамдылықпен еңсерді» деп, тарихтан сабақ алу қажеттігін атап өткен болатын (Назарбаев 1999). Бүгінде осы тұжырым оқулықтарда нақты деректермен көрініс тапты деуге болады.

Жалпы, тарихи жадыны жаңғыртуда Қазақстан оқулықтары екі бағытта дамыды: бірі – отаршылдық және тоталитарлық жүйенің қылмыстарын әшкерелеу арқылы әділетті баға беру; екіншісі – ұлттық мақтаныш ұялататын оқиғалар мен тұлғаларды дәріптеу. Екі бағыт та ұлттық сананы қалыптастыруға қызмет етеді. Осындай қос мақсаттың әсері кейде оқулық мәтінінде мифологиялық элементтердің де пайда болуына әкеледі. Мысалы, қазақ мемлекетінің тамыры тым тереңде екенін көрсету үшін сақтар мен ғұндар дәуірінен бастап мемлекет дәстүрі үзілмей келе жатқандай тұжырымдар да кездеседі (мысалы, 5-сыныпқа арналған «Қазақ елінің қысқаша тарихы» оқулығында сақ ханшайымы Томирис туралы аңыздар берілген). Мұндай элементтер ғылыми тұрғыдан даулы болғанымен, оқушылардың ұлттық мақтанышын арттыру міндетіне қызмет ететіні түсінікті. Француз тарихшысы П. Нораның «ұлт үшін жараланған жады» теориясына сәйкес, жаңадан қалыптасушы ұлттар өткенін кейде мифке айналдыру арқылы жаншылған еңсені көтеруге тырысады (Nora 2005). Қазақстандық оқулықтарда да кей кездері аңыздық сарындар араласатыны – сол заңдылықтың көрінісі.

Сонымен, тарихи жадының оқулықтардағы көрінісінің эволюциясын бір түйіп өтсек: кеңестік дәуірде әзірленген оқулықтарда ұлттық тарихымыз бұрмаланған, ұлт қаһармандарының тағдырына дұрыс баға берілмеген және ауыр трагедияларайтылмаған еді. Ал тәуелсіздік кезеңінде жазылған оқулықтарда керісінше, бұрынғы олқылықтар мүмкіндігінше түзетіліп, отарлық езгі, ашаршылық, репрессия сияқты тақырыптар ашық баяндалуда; ұлт мақтанышына айналған хандар мен билер, батырлар мен қайраткерлер әділ бағасын алуда; қазақ халқының мемлекет-

тілігі мен мәдениетінің терең тамырлары дәріптелуде. Бұл өзгерістердің бәрі тәуелсіз мемлекеттің жаңа тарихи жадын қалыптастыру жолындағы саналы саясаттың нәтижесі десе болады. Әрине, бұл үдеріс әлі де аяқталған жоқ: тарихи жадының кей тұстарын бағалау төңірегінде таластар жалғасып жатыр. Дегенмен қазіргі оқулықтар бүгінгі ұрпақты бұрынғы буын білмеген ақиқатпен таныстырып, өз тарихына жаңаша көзқарас қалыптастыруда шешуші рөл атқарып отыр.

Мектеп оқулықтары білім беру құралы ғана емес, саяси дискурс объектісі ретінде де қарастырылатыны белгілі. Тәуелсіз Қазақстанда тарих оқулықтарының мазмұны қоғам назарында жиі талқыланатын тақырыпқа айналды. Себебі тарихты оқыту арқылы мемлекеттік идеология қалыптасады және түрлі әлеуметтік топтар өз көзқарасына сай тарихты көргісі келеді. Осыған байланысты оқулықтар айналасында кейде өткір пікірталастар туындап, олар саяси сипат алды.

Ең алдымен, отандық тарих оқулықтарын әзірлеу ісінің өзі мемлекеттік саясаттың тікелей бақылауында жүргізілді. 1990-жылдардың басында бұрынғы оқулықтардың идеологиялық тұрғыдан жарамсыз екені анықталып, Білім министрлігі шұғыл түрде жаңа оқулықтар жазуға тапсырма берді. Алайда алғашқы жылдары отандық білікті кадрлардың тапшылығынан кейбір пәндер бойынша Ресейден әкелінген уақытша оқулықтар қолданылды (әсіресе, дүниежүзі тарихы бойынша). Қазақстан тарихы бойынша жаңа оқу бағдарламасын түзуге белгілі академиктер мен тарихшылар тартылды. Дегенмен, жаңа идеология тұрғысынан мазмұн жасауда біраз қиындық пен теориялық даулар туындады.

Оқулықтар төңірегіндегі басты пікірталастардың бірі – отаршылдық кезеңге баға беру мәселесі. Жоғарыда айтылғандай, кейбір топтар Ресей империясының рөлін «өркениет әкелуші» деп бұрынғысынша ақтағысы келсе, енді бірі оны қатал отарлаушы ретінде толық айыптауды талап етеді. Бұл қоғамдық пікір айырмашылығы оқулық авторларына да қысым түсірді. Оқулықтардағы саяси сарынның тағы бір қыры – тәуелсіз Қазақстанның қазіргі саяси дискурсын насихаттау деңгейі. 2000-жылдардан бастап еліміздің ішкі саясатының тұрақтануымен бірге билік тарапынан ортақ қазақстандық бірегейлікті қалыптастыруға басымдық берілді. Бұл «қазақстандық патриотизм» идеясын алға шығаруды талап етті. 2015 жылы шыққан Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай, 2017 жылғы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тарих пәнінің мазмұнына өзгерістер енгізілді. Оқулықтарда осы ресми идеологияға сәйкес келетін тақырыптар көрініс тапты. Атап айтқанда, 1991 жылдан кейінгі Қазақстанның саяси тарихы, жаңа астана –

Астана қаласының салынуы, елдің халықаралық аренадағы бастамалары жеке тараулар ретінде баяндалады. Бұл тарауларда тәуелсіз мемлекеттің жетістіктері, әсіресе тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың мемлекет құрудағы рөлі ерекше аталып өтеді. 11-сынып оқулығында Назарбаевтың стратегиялық бағдарламалары – «Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050» және сыртқы саясаттағы бастамалары туралы арнайы бөлімдер бар. Мұның барлығы қазіргі саяси дискурсты мектеп шәкірттеріне сіңіру мақсатына қызмет етеді. Сын тұрғысынан қарағанда, кейбір зерттеушілер бұл мазмұнның артық идеологияландырылғанын, мектеп оқулығы билікті мадақтайтын құралға айналмауы керектігін айтады. Дегенмен, көптеген елдерде де жаңа тарих оқулықтарында мемлекет құрушы көшбасшыларды дәріптеу орын алатыны – қалыпты құбылыс.

Оқулықтар төңірегіндегі ішкі пікірталастар тек мазмұнмен шектелмейді, әдістемелік мәселелер де қозғалды. 2010 жылдары Қазақстан 11 жылдық мектептен 12 жылдық білім беру жүйесіне көшуге дайындалды. Бұл реформа аясында тарих пәнінің оқу жүктемесін, құрылымын қайта қарастыру қажет болды. Оқулықтардың жаңа буынын әзірлеу үшін арнайы комиссиялар құрылып, педагог-ғалымдар талқылаулар жүргізді. Сол талқылауларда кейбір тақырыптардың қай сыныпта оқытылуы, қандай әдіспен берілуі де саяси сипатты болды. Мәселен, ашаршылық пен репрессия тақырыбын 9-сыныпта ма, әлде жоғарғы сыныпта тереңдетіп оқыту керек пе деген сұрақтар көтерілді. Кейбір мамандар бұл ауыр тақырыптарды ертерек оқытып, оқушылар санасына сіңіруді қолдаса, ал өзгелері жасөспірімдердің психикасына салмақ түсірмеу үшін соңғы сыныптарға қалдыруды ұсынды. Мұндай пікірталастарда да түптеп келгенде тарихи саяси сананы қалай қалыптастыру тиімді болары таразыланды.

Қорыта айтқанда, Қазақстан тарихы оқулықтары төңірегіндегі саяси дискурс бірнеше деңгейді қамтиды: біріншіден, мазмұндық идеологиялық тартыстар (отаршылдыққа баға, тарихи тұлғаларды дәріптеу немесе даттау); екіншіден, қазіргі мемлекеттік идеологияны енгізу дәрежесі (тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерін мадақтау, Назарбаев феноменін оқыту); үшіншіден, әдістемелік және фактологиялық бірізділік мәселелері. Бұл үш деңгей де түптеп келгенде тәуелсіз Қазақстанның өз тарихи саясатымен тікелей байланысты. Оқулықтар қоғамдық пікірталас нысанына айналу арқылы саяси дискурстың бір бөлшегіне айналды. Мемлекеттік билік оқулықтар саясаты арқылы ұлт санасын қалыптастыруды көздесе, қоғамдық орта одан өз мүддесіне сай тарихты көргісі келеді. Осы тұрғыда тарих оқулықтары саяси дискурс аренасы қызметін

атқарады деуге болады. Бұл құбылыс тек біздің елге ғана емес, өтпелі кезеңді бастан өткерген көптеген мемлекеттерге тән екенін ескерсек, Қазақстанда жүргізіліп жатқан оқулық саясаты – өз тарихын өзі жазуға талпынған елдің қалыпты ұмтылысы деп бағаланады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі мектеп оқулықтары – тарихи сана қалыптастыру мен идеологиялық тәрбие беру ісіндегі негізгі құралдардың бірі ретінде күрделі эволюциядан өтті. Жүргізілген талдау көрсеткендей, еліміздегі тарих пәні оқулықтарының мазмұны соңғы отыз жылда түбегейлі жаңарып, ұлттық көзқарас тұрғысынан қайта жазылды. Бұл үдерістің негізгі нәтижелері мен ерекшеліктерін төмендегідей қорытындылауға болады:

Біріншіден, тарихи жадыны қайта жаңғырту жүзеге асты. Кеңестік кезеңде оқулықтарда бұрмаланған немесе үнсіз қалдырылған көптеген ақиқат тәуелсіздік жылдары орнына келтірілді. Қазақ халқының отаршылдық кезеңдегі күйзелістері (ашаршылық, репрессия) мен ұлт-азаттық күрестері (Кенесары қозғалысы, Алашорда) туралы толыққанды мәліметтер беріліп, ұлттық батырлар мен қайраткерлердің бейнесі оң қалпына келтірілді. Жас ұрпақ тарихи әділетті бағасын алған осы оқиғалар арқылы өткеннің шындығын танып, ата-баба ерлігі мен қасіретін түйсіне алатын деңгейге жетті.

Екіншіден, тәуелсіз Қазақстанның ресми саяси дискурсы оқулықтар мазмұнының бір бөлігіне айналды. Еліміздің тәуелсіздік алу, мемлекет құру, жаңа астана тұрғызу, әлемге бейбіт бастамаларымен танылу сияқты жетістіктері оқулық беттерінде өрнектеліп, қазіргі кезең тарихының ажырамас тарауына айналды. Тұңғыш Президент Н. Назарбаевтың Қазақстан мемлекетін қалыптастырудағы және халықаралық аренадағы рөлі оқулықтарда айрықша атап өтіліп, оның стратегиялық бастамаларына оқушылар назарын аудару жүзеге асырылды.

Үшіншіден, оқулықтарда жаңа нарратив қалыптасса да, кеңестік тарихнама ықпалының кей элементтері толық жойыла қойған жоқ. Кейбір тұжырымдарда бұрыннан қалыптасқан терминология кездеседі. Мысалы, Ұлы Отан соғысы ұғымы дәстүрлі кеңестік атауымен беріледі. Бұдан бөлек, фактілерді қатаң ғылыми талдаудан гөрі мифтендіруге бейім тұстар да кездеседі. Бұл – өтпелі кезеңге тән құбылыс.

Мектеп оқулықтарының тарихи жадыны жаңғырту мен ұлттық идеологияны орнықтыру ісінде үлкен рөл атқарғанын көрсетті. Тәуелсіздіктің

бірінші буыны осы оқулықтармен білім алып, ұлттық сана-сезімі қалыптасты. Әрине, бұл оқулықтарда идеологиялық мақсат пен ғылыми объективтілік тепе-теңдігін сақтау әрдайым оңай болған жоқ. Кей тұста артық идеологияландыру немесе методологиялық ала-құлалық байқалғанымен, жалпы бағыт дұрыс – жас ұрпаққа өз елінің шынайы тарихын үйрету, өткен қателерден сабақ алғызу және болашаққа деген сенім қалыптастыру болды.

Қорыта келгенде, тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстанның мектеп оқулықтары тарихи жады, саяси дискурс және ұлттық идеология тоғысқан күрделі алаң ретінде қалыптасты. Олар бір жағынан тарихтың ақиқатын ашып, ұлт санасын түлетсе, екінші жағынан сол тарихты қалай түсініп, қалай бағалайтынымыз жөнінде қоғамдағы пікірталасты жандандырды. Оқулықтардың мазмұны – белгілі бір кезеңнің «айналы көрінісі» ғана емес, сонымен қатар келер күнге бағдар берер идеялар мәйегі. Тәуелсіз Қазақстанның тарих оқулықтарында жаңа ұрпаққа өз елінің өткені туралы шындық пен ұлттық мақтаныш сезімін ұялататын рух бере алу мақсаты жүзеге асырылды деп тұжырым жасауға болады. Тарихи санасы сергек, ұлттық рухы берік жас ұрпақ – тәуелсіздіктің ең үлкен жетістіктерінің бірі. Бұл жетістікті одан әрі баянды ету үшін тарихи білім беру мен оқулықтарды жетілдіру ісі үздіксіз жалғаса беретіні сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- Ассман, А. 2014. Длинная тень прошлого. Москва
- Артыкбаев, Ж.О. 2007. Қазақстан тарихы. Алматы.
- Аяған, Б. Ғ., және М. Ж. Шәймерденова. 2010. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Алматы.
- Әбжанов, Х. 2021. «Ақиқат пен ақтаңдақ». Ана тілі, 16-22 желтоқсан, №50.
- Зуева, Л.И. 2009. Развитие школьного исторического образования Казахстана в контексте мировых тенденций обучения истории. 1985-2000 гг. Автореферат. Караганда
- Жандосова, З.А. 2019. Қазақстан тарихы. Алматы
- Ключарева, В.В. 2022. От Казахской ССР до «независимого» Казахстана: учебник по истории как способ формирования национальной идентичности. Вестник Алтайского государственного педагогического университета, № 51
- Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы №147, 28.12.2015
- Қабылдинов З.Е. және т.б. 2018. Қазақстан тарихы. Алматы
- Қожабаев, М.Т. 1998. Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі. Алматы.
- Қозыбаев, М. Қ., Қ. Нұрпейіс, және Қ. Жүкешев. 1994. Қазақстан тарихы. Алматы.
- Қойгелдиев, М. Қ., ред. 2000. Кенесары Қасымұлы: Туғанына 200 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы.
- Назарбаев, Н. 2017. Рухани жаңғыру. Астана
- Назарбаев, Н. 1999. Тарих толқынында. Астана
- Kissane Carolyn. 2005. History Education in transit: where to for Kazakhstan?
- Michael W. Apple. 1992. The Text and Cultural Politics
- Helge Blakkisrud, Shahnoza Nozimova. 2010. History Writing and Nation-Building in Post-Independence Tajikistan. <https://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1080/00905990903517835> (қаралған уақыты: 15.01.2025)
- Pierre Nora, 1989. Les Lieux de Mémoire
- Pierre Nora. 2005. Всеобщая память торжествует. <https://magazines.gorky.media/nz/2005/2/vsemirnoe-torzhestvo-pamyati.html> (қаралған уақыты: 15.01.2025)

REFERENCES:

- Assman, A. 2014. Dlinnaja ten' proshlogo [The Long Shadow of the Past]. Moskva
- Artykbaev, Zh.O. 2007. Қазақстан тарихы [History of Kazakhstan]. Almaty.
- Ajaған, B. F., және M. Zh. Shəjmerdenova. 2010. Қазақстанның қазіргі заман тарихы [Modern History of Kazakhstan]. Almaty.
- Əbzhanov, H. 2021. «Ақиқат пен ақтаңдақ» [Truth and Blind Spots]. Ана тили, 16-22 zheltoksan, №50.
- Zueva, L.I. 2009. Razvitie shkol'nogo istoricheskogo obrazovanija Kazahstana v kontekste mirovyh tendencij obuchenija istorii [Development of School History Education in Kazakhstan in the Context of Global Trends in History Teaching: 1985–2000]. 1985-2000 gg. Avtoreferat. Karaganda
- Zhandosova, Z.A. 2019. Қазақстан тарихы [History of Kazakhstan]. Almaty
- Kljuchareva, V.V. 2022. Ot Kazahskoj SSR do «nezavisimogo» Kazahstana: uchebnik po istorii kak sposob formirovanija nacional'noj identichnosti [From the Kazakh SSR to 1 «Independent» Kazakhstan: History Textbooks as a Tool for Shaping National Identity]. Vestnik Altajskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta, № 51
- Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan] №147, 28.12.2015
- Қабылдинov Z.E. және т.б. 2018. Қазақстан тарихы [History of Kazakhstan.]. Almaty
- Қозхабаев, M.T. 1998. Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі [Methodology of Teaching the History of Kazakhstan]. Almaty.
- Қозыбаев, M. Қ., Қ. Нұрпейіс, және Қ. Зhyкешев. 1994. Қазақстан тарихы [History of Kazakhstan]. Almaty.
- Қојgeldiev, M. Қ., red. 2000. Kenesary Қасымұлы: Туғанына 200 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары [Kenessary Kassymuly: Materials of the International Scientific-Theoretical Conference Dedicated to the 200th Anniversary of His Birth]. Almaty.
- Nazarbaev, N. 2017. Ruhani zhaңғыru [Spiritual Renewal]. Astana
- Nazarbaev, N. 1999. Tarih tolқynynda [In the Stream of History]. Astana
- Kissane Carolyn. 2005. History Education in transit: where to for Kazakhstan?
- Michael W. Apple. 1992. The Text and Cultural Politics

